

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 желтоқсандағы N 2124 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 325 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы N 220 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., N 12, 86-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет

3 9 7 - т а р м а қ т а :

бірінші бөлікте "қадағалау комиссиясының" деген сөздер "байқау миссияларының" деген сөздермен ауыстырылсын; ү ш і н ш і б ө л і к т е :

"қадағалау комиссиясының" деген сөздер "байқау миссияларының" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "жатады" деген сөз алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюросының сайлауды байқау жөніндегі миссиялар жұмысының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне ұсынатын шот-фактуралары бойынша ш ы ғ ы с т а р ғ а :

әуежайдан қонақ үйге/қонақ үйден әуежайға трансферге; қала ішінде жол жүрулерге (байқаушыларды кездесу өтетін жерге/кері т а с ы м а л д а у) ;

ел ішіндегі сапарларға (байқаушы орналасқан жерге/жерден); байланысқа арналған шығыстарға (СИМ-карталар/ұялы телефондарды п а й д а л а н у) ;

брифингке арналған шығыстарға (брифингтер, дебрифингтер өткізу,

брифингке материалдар дайындау, кофе-брейктер) ақы төлеу жатады.".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК